**2024-2025 жылдардағы " М.Әуезов атындағы ОҚЗУ студенттерінің жатақханадағы тұрмыстық жағдайына қанағаттануы " атты сауалнамасы бойынша декан сағаты шешімдерінің орындалу нәтижелері**

| Хаттама нөмірі мен күні | Шешім | Орындалуға жауапты | Растайтын құжаттар, іс-шара атауы | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| **27.11.2024ж.** | 1.Қауіпсіздік және тәртіпті сақтау қызметінің басшысы Т.Тұрысбеков жатақханада тұратын студенттер арасында заттардың жоғалу қауіпін болдырмау іс-шараларының жүргізілуін жеке бақылауға алсын.<br>**(Орындау мерзімі: жыл бойы)** | Т.Тұрысбеков | Қауіпсіздік және тәртіпті сақтау қызметінің басшысы Т.Тұрысбековтың жеке бақылауына сәйкес, жатақханада тұратын студенттер арасында заттардың жоғалу қауіпінің алдын алу мақсатында бірқатар іс-шаралар жүргізілді. Атап айтқанда, жатақханаларда қосымша бейнебақылау камералары орнатылып, кіріп-шығу бақылауы күшейтілді. Қосалқы есіктердің құлыптары жаңартылып, күзет қызметкерлерінің кезекшілік тәртібі қатаң бақылауға алынды.<br>Студенттер арасында жеке заттардың сақталуына жауапкершілікпен қарау жөнінде түсіндіру және профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, жатақханаға | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | кіргізілетін және шығарылатын заттар арнайы кіріс-шығыс журналдарына тіркеліп, жүйелі түрде бақылау жүргізілуде. Қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жауапты қызметкерлер тарапынан тұрақты тексеру және мониторинг жұмыстары жүзеге асырылуда. | |
| | 2. Әкімшілік-шаруашылық департаментінің бас инженері Т.Б.Тынысбаев жатақханалардың санитарлық-техникалық жай-күйіне мониторингтік тексеру жүргізу мақсатында ӘШД қызметкерлері, белсенді студенттер, кураторлармен жұмыс тобын құрып, әлеуметтік сауалнама қорытындылары бойынша түзету іс-шаралары туралы нәтижесін **22.01.2025 ж**. Декан сағатында баяндасын.<br>**(Орындау мерзімі: 22.01.2025 ж.)** | Т.Б.Тынысбаев | 27.11.2024 жылы өткен декан сағатының шешіміне сәйкес (№6 хаттама), «М.Әуезов атындағы ОҚУ студенттерінің жатақханалардағы тұрмыстық жағдайына қанағаттануы» атты сауалнамасының нәтижесі бойынша орын алған сәйкессіздіктерді жою мақсатында 13.01.-24.01.2025 жыл аралығында тексеру ұйымдастыру үшін төмендегі құрамда комиссия құрылып:<br>Бесбаев Ақан Сәбитұлы – Жастар орталығының директоры – комиссия төрағасы;<br>Анарханұлы Ерасыл – Жастар | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | орталығының директорының орынбасары – комиссия мүшесі;<br>Садыкова Асылай – Әлеуметтік зерттеулер бөлімінің бас маманы – комиссия мүшесі;<br>Сагинтай Сабина Қайратқызы – Студенттік парламент өзін-өзі басқару ұйымының төрағасы, топ ХТ -22-9к3 – комиссия мүшесі;<br>Мақұлбек Алтынбек Қанатұлы – Шымкент қаласының студенттік омбудсменті және Шымкент қаласының студенттер альянсының төрағасы, топ АП -22-6к2 – комиссия мүшесі тарапынан тексеру ұйымдастырылды. ӘШҚ жөніндегі департамент қызметкерлері әлеуметтік сауалнама қорытындылары бойынша түзету іс-шараларының жобасы жасалды:<br>**Жобаның көшірмесі;**<br>ӘШҚ жөніндегі департамент қызметкерлері тарапынан жоғарыдағы аталған нысандарға ақау актілері түзіліп, сметалар есептелінді. Ағымдағы жылдың | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | сәуір айында дайындалған смета құжаттары негізінде мемлекеттік сатып алу порталына хабарландыру беріледі. | |
| | 3. Ақпараттық білім беру орталығының директоры И.Саурбаева студенттердің сұранысы бойынша жатақханадағы кітап қорын қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізіп , жатақханалардағы кітапханалардың жұмыс уақытын бақылауға алсын.<br>**(Орындау мерзімі: 15.01.2025 ж.)** | И.Саурбаева | 2024 жылғы 27 карашадағы декан сағатының шешімінің 1.3 тармағының орындалуы:<br>- Студенттердің сұранысы бойынша жатақханадағы кітап қоры әдебиеттермен толықтыру жұмысының нәтижесі: биотехнология, экология, химия, Қазақстан тарихы, мұнайгаз, транспорт, экономика, менеджмент, маркетинг, әлеуметтану, құрылыс, инженерлік графика білім беру бағдарламаларының оқулықтарымен және көркем әдебиет баспа кітап қорымен толықтырылды. | |
| | 4. Сауалнама нәтижелері бойынша сәйкессіздіктерді жою мақсатында комиссия құрып, тексеру жұмыстары ұйымдастырылсын. Тексеру жұмысының нәтижесі наурыз айында Декан сағатында қаралсын.<br>**(Орындау мерзімі: наурыз 2025 ж.)** | С.Ш.Джунусбекова | Есептің көшірмесі | |